

№1 СООЖ

1-тапсырам. Өз мамандығыңызға қатысты жазылған ғылыми мақаланы талдап, ғылыми стильдің ерекшеліктеріне тоқталыңыз.

2-тапсырма. Қысқаша ғылыми мақала дайындаңыз.

3-тапсырма. *Төмендегі мәтіндерді стиль түрлеріне ажыратыңыз.*

1-мәтін

...Сағат түңгі екі болып қалды. Жұрт аяғы басылды. Алдымыздағы көшемен ең соңғы трамвай өтіп барады. Вагондарда үш-төрт адамның басы көрінді. Күндізгі қаптап жүрген трамвай, троллейбус, автобустар қайда қазір? Олардың әрқайсысының арнаулы тұрағы – демалуға жайғасатын орны бар. Олар сонда жиналады. Мұнда түні бойы ұйықтамай, қызмет ететін адамдар бар. Олар әлі машиналарды таңертеңгі сапарға әзірлейді. Күндіз бүлінген жерлері болса, жөндейді. Іші-сыртын сүртіп, еденің жуып тазалайды. Таңертең троллейбус, трамвай, автобустар тап-таза болып, жарқырап шығады.

2-мәтін

«Ақпараттық технология» деген терминді В. Тлушков енгізді. Ол оған мынандай анықтама берді: «Ақпараттық технология дегеніміз — ақпаратты өңдеумен байланысты үрдістер». Сонда оқытуда ақпараттық технологиялар үнемі қолданылған деуге болады, себебі оқыту дегеніміз — ақпаратты оқытушыдан тәлімгерге немесе оқушыға жеткізу. В.Апатова, В.Глушковтың берген анықтамасын жоққа шығармай, оны нақтылай түседі: «Ақпараттық технология дегеніміз — ақпаратты өңдеу үрдісі арқылы жүзеге асатын құралдар мен әдістер жиынтығы».

3-мәтін

Қуанышбек пен Забира үш баласын жақсы шаңырақта тірбиелігісі келеді. Ол үшін жақсы дәстүрлерді бұзбай ұстауға тырысады. Отбасында туған күн әрдайым тойлану керек. Үйге қонақ шақырып, қазақ дастарқанын даярлауды балаларына үйретеді. Өздері де сыйластық сақтауды дәстүр қылған. Бұл отбасында жексенбі сайын қонақ шақыру, оларды күту дәстүрі қалыптасқан. Сенбі күні кешке әке-шешесімен, балаларымен отбасылық сұхбат құрып, кітап оқиды. Теледидар, радио арқылы жаңалықтарымен танысады. Алыс-жақындағы туыстармен хабарласады. Қуанышбек өзі де, балалары да компьютерді меңгерген. Ғылым мен техника жаңалықтарын отбасында үнемі айтып отыру, мүмкін болса қолдану – отбасы өмірін сәнді ете түседі. Жақсы дәстүр – отбасының шаңыраққа айналуына тірек болады.